

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№306

2015 жылғы 27 мамыр

**Облыс әкімдігінің 2014 жылғы облыстық
бюджеттің атқарылуы туралы есебі**

Облыстық қаржы басқармасының басшысы А.О.Дәулетованың «Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған, салық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің есебі туралы » және Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы С.Е.Еңсегенұлының «2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы » есептерін тыңдап, облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 11 желтоқсандағы және 2014 жылдың бюджетінің атқарылуы барысында нақтыланған, «2014-2016 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №168 шешімі, тиісті нақтыланған көрсеткіштерден кірістер бойынша 108,0 пайызға, алынған ресми трансферттер бойынша 99,9 пайызға орындалғандығын облыстық мәслихат атап көрсетеді.

2014 жылғы облыстық бюджеттің шығыс бөлігі 99,8 пайызға игерілді, түзетумен жоспарланған 140 631 550,2 мың теңгеден 140 559 427,6 мың теңге игерілді.

2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы барысында мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды ұстауға, әлеуметтік нысандарды салу және қайта жаңартуға болжамдық көрсеткіштерді асыра орындау есебінен қосымша 526 172,1 мың теңге бөлінді.

Одан басқа, республикалық бюджеттен жалпы сомасы 52 539 359,0 мың теңге нысаналы трансферттер бөлінді, соның ішінде «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының аясында іс-шараларды іске асыруға, елді мекендердің автомобиль жолдарын және көшелерді күрделі жөндеуге, индустриалды инфрақұрылымды дамытуға, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкерлікті қолдауға, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасының аясында инженерлік инфрақұрылымды дамытуға, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға, денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға, газ тасымалдау жүйесін дамытуға, жылу энергетика жүйесін дамытуға, инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және сатып алуға бөлінді.

Республикалық бюджеттен тұрғын үй салуға және сатып алуға, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін кредиттер бөлінді.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95- IV Бюджеттік кодексінің 130-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы

қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) және 9-1) тармақшаларына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы облыстық бюджеттің кірістер бойынша 39 701 391,6 мың теңгеге, алынған ресми трансферттер бойынша 88 031 417,1 мың теңгеге, шығындар бойынша 131 268 555,0 мың теңгеге, бюджеттік кредиттер бойынша 4 988 954,0 мың теңгеге, активтерді сатып алу бойынша 3 500,0 мың теңгеге, қарыздарды өтеу бойынша 4 298 418,6 мың теңгеге, бюджеттің дефициті 4 118 458,4 мың теңгемен, бюджеттің дефицитін қаржыландыру 4 118 458,4 мың теңгемен нақты орындалуы туралы есебі бекітілсін.

2. Облыс әкімдігіне:

- бюджетке салықтық және басқа міндетті төлемдердің түсуін толық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізумен, бюджет қаражатын толық, тиімді және мақсатты пайдалануды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы есебі бекітілсін.

4. Ақтөбе облысы бойынша Тексеру комиссиясына есепті кезең ішінде бюджет қаражатын қамтуды ұлғайту арқылы бақылау іс-шараларының тиімділігін арттыру ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

В. ЩЕГЕЛЬСКИЙ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА